

«КЕЛІСІЛДІ»

«Ауыл» партиясының
Жамбыл облысы бойынша
Өңірлік филиал төрағасы
Е. Муслимов
«___» _____ 2026 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

ШҚ «Құлтай-Ата» төрағасы
Р. Жұмабеков
«___» _____ 2026 ж.

«БЕКІТІЛДІ»

«Жамбыл облысы әкімдігінің
кәсіпкерлік және индустриалды-
инновациялық дамыту
басқармасының басшысы
А. Сейсебаев
«___» _____ 2026 жыл



«КЕЛІСІЛДІ»

Талас ауданы әкімінің м.а.
А. Б. Жабағы
«___» _____ 2026 жыл



**«ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰРА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН
«БИЕ САУУ» ЖАРЫСЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

Тараз қаласы – 2026 жыл

1-БӨЛІМ. Жарыстың атауы

1.1 «Қызғалдақ мұра» халықаралық фестивалі аясында ұйымдастырылатын «бие сауу» жарысы(*әрі қарай – Жарыс*);

1.2 Фестиваль 2026 жылғы 25 сәуір Жамбыл облысы, Талас ауданы, Есей би ауылы, Қаратау тауының бөктерінде өтеді;

1.3 Қатысушыларды тіркеу (*регистрациясы*) сайт (taraztulip.kz) арқылы жүзеге асырылады;

1.4 Мандаттық комиссиясы және жеребе тарту рәсімі 25 сәуір , сағат 10:00-11:00;

1.5 Жарыс 25 сәуір күні, жарыстың басталуы сағат 10.00-12.30 аралығында ұйымдастырылады;

II. Жарыстың өту мерзімі мен орны:

Өтінім қабылдау мерзімі: 25 сәуір күні сағат 09.00 ға дейін өтінімдер қабылданады. 25 сәуір күні сағат 09.00 ден кейін өтінімдер қосымша қабылданбайды.

Өткізу орны: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Есей би ауылы, Қаратау тауының бөктері;

Өткізу мерзімі: Жарыстың басталуы 2026 жылдың 25 сәуір күні.

III. Жарыс басшылығы

Жарыстың жалпы басшылығына «Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының «Тараз-Туризм» туристік ақпараттық орталығы» КММ, Талас ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, «Құлтай ата» шаруа қожалығы және Талас ауданы, Қаратау ауылдық округіне жүктеледі. Жарыс кезінде медициналық көмек, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі Талас ауданы әкімдігіне жүктеледі. Жарысқа қатысушыларды жарыс орнына жеткізу ұйымдастырушылар тарапынан.

VI. Жарысты өткізу тәртібі

Бие сауу жарысына ер адам мен әйел адамнан тұратын жұптар қатысады. Әр жұп өзінің сауын биесін әкелуі міндетті. Бие сауыншыларға 5 минут уақыт беріледі. Осы уақыт ішінде кімнің сауындысы (бие сүті) көп болады, сәйкесінше сол жеңіске жетеді. Жарысты төрешілер қазылық етіп бағалайды.

VI. Жарыс талаптары;

- ❖ жарысқа жұп болып қатысу міндетті;
- ❖ әр жұп өзінің сауын биесін әкелуі міндетті;
- ❖ жеке басын куәландыратын құжаттың болуы;
- ❖ жұптардың кәмелетке толған ер адам мен әйел адамнан тұруы міндетті (2 ер адам немесе 2 әйел адамнан құралған жұп жарысқа жіберілмейді)
- ❖ сауыншы күбі әкелуі міндетті;

Жарысқа қатысушылар кезегі жеребе тарту арқылы анықталады.

Бағалау критерийлері

1. Жарысқа қатысушылардың киім үлгісі (ұлттық нақыштағы киімдердің болуы);
2. Сауылған бие сүтінің мөлшері;
3. Жұп болып қатысуы (Ер мен әйел);

VII. Жарыс шығындары

Жарысқа қатысушылардың келіп, кету шығындары өз қаражаттары есебінен.

Жалпы жүлде қоры – 1 миллион тенге. Ұйымдастыру алқасы жеңімпаздар санына қарай жүлде қорын бөледі.

** Бұл ереже жарысқа ресми шақыру болып табылады.*